



Төртүйдің түлегі

Екібастұз қаласының солтүстік-батысында Екібастұз ауылдық округінің орталығы Төртүй деген ауыл бар. Он тоғызыншы ғасырдың аяғында Шідерті өзенінің оңтүстік жағасындағы шағын қыраттың үстіне ағайынды төрт жігіт үй салып, қоныс қылған екен. Жиырмансыншы ғасырдың отызыншы жылдары Кеңес үкіметі осы жерде де кеңшар (совхоз) ұйымдастырып, Төртүй үлкен ауылға айналады. Жерінің топырағы құнарлы бұл кеңшар кейін облыс көлеміндегі бай шаруашылықтардың бірі болды. Кеңшар Екібастұз аталғанымен, оның орталығы сол баяғы Төртүй атауымен қалды.

Төртүйде орта мектеп, мәдениет үйі, учаскелік аурухана, балабақша болды. Осы Екібастұз орта мектебін бітірген жүздеген түлек аудан, облыс, тіпті республика көлемінде абыройлы еңбек етті. Солардың бірі - Зейнолла Секенұлы Молдахметов.

Зейнолланың әкесі көпті көріп, көңіліне түйгені мол, сабырлы да саликалы азамат болды. Ол өз кезінде партия, совет жұмыстарында, шаруашылық директоры болып қызмет етті. Қарапайым еңбек адамдарының арасында болсын, әріптестерінің ортасында болсын сыйлы еді. «Әке көрген оқ жонар» деген емес пе. Секеңнен үлгі-өнеге алған Зейнолла да жақсыдан үйренуге, жаманнан жиренуге талпынды. Оған ел Топаш атап кеткен әжесі Күлшайраның да әсері аз болған жоқ. Өйткені Секеңнің бес баласының үлкендері Зекіш пен Зейнолла осы бір аяулы ананың бауырында өсіп еді. Топаш әже немерелерін адалдыққа, еңбекқорлыққа баулыды.

Зейнолла Молдахметов Төртүйдегі орта мектепті бітірген соң, Павлодар педагогикалық институтына оқуға түсті. Оны оқып

менгеруші болып тағайындалған-ды. Зейнолла оқушыларға кәсіби бағдар беру мәселесімен Екібастұз қаласына келген сайын осы ұстазына сәлем бермей кетпейтін. Ондайда Шыңғыс Жиенбекұлы бұрынғы шәкіртіне: «Сен Ақтағайда қашанғы жүре бересің? Өз туған жеріңе келмейсің бе?» - деумен болатын. Ақыры ол өз дегеніне жетті. З.Молдахметовті Бәйет сегізжылдық мектебіне директор етіп ауыстырып алды.

Ол кезде Бәйеттегі сегізжылдық мектеп ескі баракта орналасқан еді. Шаруашылықтың жаңа тағайындалған басшысы Еламан Жәкенов пен Зейнолла Молдахметов Бәйетке жаңа типтегі орта мектеп үйін салу мәселесін көтеріп, аудан, облыс басшыларының есіктерін тоздырды. Ақыры мектеп салынатын болды. Бірақ жаңа мектепте жұмыс істеу Зейнолла Секенұлының пешенесіне жазылмаған екен. Оны оқу-тәрбие жұмысы ақсап қалған Өлеңті орта мектебіне директор етіп ауыстырып жіберді.

Ол кезде білім берудің кабинеттік жүйесі қалыптаса бастаған-ды. З.Молдахметов келгенде Өлеңті мектебінде екі пән

қатар ономастикалық комиссия да құрылып, оның да құрамына жоғарыда аталған азаматтар кірді. Бұл екі қоғамдық ұйымның міндеттері аудандағы орысша тәрбие беретін балабақшаларын, орыс мектептерін қазақша білім мен тәрбие беретін мекемелер етіп қайта құру және орысша жер-су атауларын қазақшаландыру болатын. Осынау күрделі де қиын міндетті орындауда Зейнолла Секенұлы асқан белсенділік көрсетті. Әрине, бұл айтуға оңай болғанымен, іс жүзінде аса сақтықты, білімділікті қажет ететін. Өйткені ауданның елді мекендерінде орыс тілді тұрғындар көп болатын. Сонымен бірге қазақтардың өздері де балаларының болашағы орыс тілінде деп білетін. Соның дәлеліндей бір ғана «Зеленая рош» ауылында қазақша білім беретін жалғыз сегізжылдық мектеп болды. Мұндай жағдайда орыс мектептері мен балабақшаларын жауып тастау деген сөз ұлттар арасында алауыздық туғызуы да мүмкін болатын. «Қазақ тілі» қоғамының басқарма мүшелері жағдайды терең зерттеп, әрбір елді мекенде, мектеп пен балабақшада жетік қазақша мектептері мен

орындарымен бірге тігін салондары, қала мұрағаты сияқты ұсақ мекемелермен де іскерлік байланыс орнатуының арқасында талай тамаша табыстарға қол жеткізді. Атап айтқанда, Қосым Пішенбаев атындағы кәсіби лицей болып қайта аталған училище ұжымы 2000 жылы облыстық конкурста «Таңдаулы кәсіби лицей» атағын жеңіп алды. 2002 жылы лицейге республикалық конкурста «Әлеуметтік серіктестігі жолында» деген аталым бойынша тағы да «Таңдаулы лицей» атағы берілді. 2005 жылы оқу орындарын аттестациялау кезінде кәсіби лицейдің өз қамқоршыларымен тіл табысып жұмыс істеуі облыстың барлық оқу орындарына үлгі-өнеге боларлық екендігін аттестация комиссиясы ерекше атап көрсетті. Осы 2005 жылы «Батыр Аксес Көмір» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің бас директоры Денис К.Прайс мырза З.С.Молдахметовті әлеуметтік серіктестерімен жемісті жұмыс істегені үшін өзінің алғыс хатымен марапаттады.

Кәсіби лицейдің мұғалімдері директордың тікелей басшылығымен бірнеше оқу

ауылды.

Зейнолла Молдахметов Төртүйдегі орта мектепті бітірген соң, Павлодар педагогикалық институтына оқуға түсті. Оны оқып бітірген соң қазіргі Ақтоғай ауданына жіберілді. Сол жылы аудан орталығында №141 кәсіптік-техникалық училище ашылған еді. Жаңа ұжым жас кадрды жақсы қарсы алды. Математика, физика, химия, астрономия сияқты күрделі пәндерден дәріс беруді Зейнолла Секенұлына жүктеді. Онымен қоса оқушылардың жатақханасы ішінен бір бөлмені өзіне жеке бөліп берді. Бұл жас жігітке қосымша міндеттер жүктеді. Күндіз-түні бірдей оқушылардың ішінде болғандықтан, олардың тәртібіне де Зейнолла Секенұлы жауапты болды. Училищеде қызмет істеу оңай болған жоқ. Күніне бірнеше сағат әртүрлі пәннен сабақ беру, оның үстіне жатақханада жататын оқушылардың тәртібіне жауап беру, түннің бір уағына дейін келесі күнгі сабақтарға сабақ жоспарын жасау қайдан оңай болсын. Бірақ жас ұстаз осы қиындықтардың бәріне шыдап бақты. Әрбір дәрісінің қызықты да түсінікті болуы үшін талмай ізденді. Үздіксіз ізденіс өз жемісін берді. Келесі оқу жылында ол директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, тағы бір жыл өткен соң училище директоры болып тағайындалды.

1972 жылы Екібастұз ауданы құрылды. З.С.Молдахметовтің туған ауылындағы Екібастұз орта мектебінде директор болған әрі тарих пәнінен сабақ берген Шыңғыс Жиенбекұлы Жиенбеков жаңа ұйымдасқан Екібастұз аудандық оқу бөліміне

ауыстырып жіберді.

Ол кезде білім берудің кабинеттік жүйесі қалыптаса бастаған-ды. З.Молдахметов келгенде Өлеңті мектебінде екі пән кабинеті бар болатын. Оқушылар екі ауысымда оқып жүрді. Жаңа директор жұмысын осы мәселелерді шешуден бастады. Онысы нәтижесіз болған жоқ. Бірер жылдың ішінде 15-16 пән кабинеті іске қосылып, жұмыс істей бастады. Малшылар мен механизаторлардың балаларына арналған интернат үйі күрделі жөндеуден өтіп, қажетті құрал-жабдықпен, төсек-орынмен толық жабдықталды. 5-6 жылдың ішінде мектептегі оқу-тәрбие жұмысы айтарлықтай жақсарып, Өлеңті орта мектебі аудан көлемінде алдыңғылардың қатарына қосылды. Сөйтіп, З.С.Молдахметовтің іскерлігі мен қарымды қабілеті аудан басшыларын да мойындатты. Сондықтан да болар, 1989 жылы Шыңғыс Жиенбекұлы еңбек демалысына шыққанда оның орнына аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі болып З.Молдахметов тағайындалды. Ол бұл қызметті Екібастұз ауданы тарағанша 1997 жылға дейін абыроймен атқарды.

1990 жылдың басында аудандық «Қазақ тілі» қоғамы құрылды. Оның төрағалығына Қайыр Қаниұлы Шәріпов сайланды. Басқарма мүшелігіне аудандық мәдениет бөлімінің меңгерушісі Жүрсін Бәтенов, аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі Зейнолла Молдахметов, Ақкөл орта мектебінің директоры Адам Мұхамеджанов және аудандық-қалалық «Отарқа» газетінің редакторы Амангелді Қаңтарбаев сайланды. «Қазақ тілі» қоғамымен

ма мүшелері жағдайды терең зерттеп, әрбір елді мекенде, мектеп пен балабақшада түсінік жұмыстарын жүргізе отырып, ақыры өз мақсаттарына жетті. 1994 жылға қарай аудандағы барлық мектептер мен балабақшалар қазақшаланып болды. «Степной», «Комсомол» ауылдарының да атаулары қазақшаланды. Саяси мәні зор осы мәселелердің жүзеге асуына Зейнолла Секенұлы ұланғайыр үлес қосты.

1997 жылы Екібастұз ауданы жабылып, аудандағы барлық мекемелер қала құрылымына қосылды. З.С.Молдахметовті Екібастұздағы №18 кәсіптік-техникалық училищеге директор етіп ауыстырды. Бұған дейін бұл мекемені жергілікті ұлт өкілі басқармаған болатын. Ол ол ма, ұжымда қазақ ұлтының өкілдері де бірен-саран ғана кездесетін. Училищенің материалдық-техникалық базасы да, оқу-тәрбие жұмысы да айтарлықтай емес-ті.

Жаңа басшы жұмысты жаңаша құрды. Ең алдымен педагогикалық ұжымының сапасына маңыз берді. Тек ақша табу үшін ғана жүрген білімі мен біліктілігі нашар мұғалімдермен у-шусыз қоштасып, олардың орнына білімді де тәжірибелілерді қызметке алды. Қамқоршы кәсіпорындар басшыларымен тіл табысып, тиісті келісімшарттар жасасты. Мұның өзі училищенің материалдық-техникалық базасының нығаюына негіз болды. «Батыр Аксес Көмір» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, «Еуразия энергетикалық корпорациясы», «Екібастұз локомотив жөндеу депосы» өнеркәсіп кешені сияқты ірі өндіріс

қатыстырып жүргізді.

Кәсіби лицейдің мұғалімдері директордың тікелей басшылығымен бірнеше оқулық жазып, баспадан шығарды. Бұл оқулықтар лицейдің мұғалімдері мен оқушыларына ауадай қажет құрал болды. Зейнолла Секенұлы өзі де «Кәсіби мектеп директорының сәт сайын қолданатын кітабын» жазып бастырды. Бұл кітапты облыстық аттестациялау комиссиясы жоғары бағалап, атап өтті.

Көп жылғы жемісті педагогикалық еңбегі үшін 1986 жылы З.Молдахметов КСРО білім беру министрлігінің Құрмет грамотасымен, 1994 жылы «Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздігі» атағымен, салалық көптеген грамоталармен, дипломдармен марапатталды. 2006 жылы Қазақстан Республикасы білім беру саласындағы айрықша еңбегі үшін «Қазақстан Республикасы білім беру ісінің Құрметті қызметкері» төс белгісі берілді.

Шағын ғана Төртүй ауылының түлегінің еліміздің білім саласына сіңірген еңбегі осындай. Ең бастысы, ол әжесі мен әкешесінің үлкен адамгершілік, ізгілік, ұлтжандылық қасиеттерін өз бойына сіңіре отырып, парасатты азамат, адал Адам болып қалды. Бүгінде алпыс деген асқаралы асуды бағындырған Зейнолла Секенұлының еліне бергенінен берешегі әлі де көп. Сондықтан тынысың тарылмай, шыбысыңды үдете түс демекпіз.

**Амангелді Қаңтарбаев,
ардагер журналист**